

## Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 19 мамырдағы № 276 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Қазгеология" ұлттық геологиялық барлау компаниясы" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігіне;

2) "Инфекцияға қарсы препараттардың ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустріялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетіне беруді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындастын шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министри

Б. Сагынтаев

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2017 жылғы 19 мамырдағы  
№ 276 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және үйымдарға қатысадының мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сөуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестері респубикалық меншіктің қалатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 21-37-жол алып тасталсын;

"Алматы қаласы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 123-139-жол алып тасталсын.

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 330-1-жолмен толықтырылсын:

"330-1. "Қазгеология" ұлттық геологиялық барлау компаниясы" акционерлік қоғамы .";

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетіне" деген бөлімде:

реттік нөмірі 359-2-жол алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетіне" деген бөлімде:

реттік нөмірі 359-5-жол алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустримальық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетіне" деген бөлімде:

реттік нөмірі 359-9-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 359-9-1-жолмен толықтырылсын:

"359-9-1. "Инфекцияға қарсы препараттардың ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы .";

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитетіне" деген бөлімде:

реттік нөмірі 359-21-жол алып тасталсын.

**3. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 936 қаулысымен.**